

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті; Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 38/НҚ бұйрығымен бекітілген, «Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік аттарды тіркеу, пайдалану және бөлу» қағидасының 16 тармағына сәйкес, Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атаулардың пайдалануын келесі жағдайларда уақытша тоқтатады:

1) тіркелуші домендік атты тіркеу үшін ұсынған өтінімде тіркелуші туралы дұрыс емес мәліметтер анықталған;

2) интернет-ресурста Интернетті қауіпсіз пайдалануға қатер төндіретін, зиянды бағдарламалық қамтылым анықталған;

3) домендік атты пайдалануды уақытша тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған;

4) уәкілетті органнан немесе Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығынан ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғасы туралы хабарлама түскенде, оны тіркеуші жоймаған;

5) қауіпсіздік сертификаты (отандық немесе шетелдік) болмаған;

6) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс аппараттық- бағдарламалық кешендерде интернет-ресурстар орналастырылған;

7) интернет-ресурста Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығынан немесе Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінен, салалық Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығынан келіп түскен фишингтің анықталған.

1. .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік атауларының интернет-ресурсты пайдалануы қандай құқық нормаларымен реттеледі?

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурс ақпараттандыру объектісі болып табылады және меншік иесіне ақпараттандыру объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ осы Заңға және ҚР өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру жөнінде жауапкершілік жүктеледі.

Сонымен қатар, "Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 38/НҚ бұйрығымен Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды пайдалану тәртібі бекітілген.

2. Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидалары кімге қолданылады?

Меншік нысанына қарамастан (мемлекеттік/мемлекеттік емес) .KZ және (немесе) .ҚАЗ тіркелген домендік атаулары бар интернет-ресурстардың барлық меншік иелеріне.

3. Менің интернет-ресурсым осы "Ақпараттандыру туралы" Заң күшіне енгенге дейін 2010 жылы (немесе өзге жылы) тіркелді, маған домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидалары қолданылады ма?

Домен атауы 2010 жылы домендік атау иесі/тіркелуші мен Тіркеуші арасында жасалатын домендік атауды тіркеу Келісімі (*жария офферта шарты*) (бұдан әрі - Шарт) арқылы тіркелді. Мәселен, домендік атауды пайдалану Шартын жыл сайын ұзарту кезінде тіркелуші жария оффертаның Q тармағымен танысуға міндетті, атап айтқанда Тіркелуші Шарттың барлық жағынан бағынуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндірілуге тиіс екендігімен келіседі.

Мысалы, Шарттың соңғы ұзартылуы 2020 жылдың 31 қаңтарында және 17.02.2020-16.02.2021 кезеңіне жасалды.

Осылайша, шартты ұзарту кезінде Сізге Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 38/НҚ бұйрығымен бекітілген Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларымен танысу қажет болған.

4. Ірі интернет-ресурстары бар субъектілерді тоқтатпайсыздар, ал шағын субъектілерді тоқтатасыздар — әділетсіздік.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 38/НҚ бұйрығымен бекітілген Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидалары барлық жеке және заңды тұлғаларға бірдей қолданылады.

Қазақстандағы Хостинг - бұл Қазақстан Республикасының аумағындағы аппараттық-бағдарламалық кешендерде интернет-ресурстарды орналастыру.

.KZ доменін пайдаланатын сайт (веб-сайт, веб-қосымша, веб-қызмет) Қазақстанның кез келген қаласындағы деректер орталығында (сервер бөлмесі, кеңсе) орналасқан компьютер-серверде (жалға алынған, меншікті, бұлтты хостингте, VDS-хостингте, виртуалды хостингте) орналастырылуға міндетті. Сервер қазақстандық интернет-провайдерге қосылуға және қазақстандық IP-мекенжайды (бөлінген немесе ортақ) пайдалануға міндетті.

Техникалық мамандарға арналған ақпарат, келесі шарттарды қадағалаңыз:

Негізгі домен үшін де және қосалқы домендер үшін де Хостинг Қазақстанда болуы тиіс.

.KZ аймағындағы домен, www қосалқы домені және басқа да қосалқы домендер үшін A (ipv4), AAAA (ipv6), CNAME жазбалар (DNS және поштаға арналған жазбаларды қоспағанда) AS (дербес жүйесінде) бекітілген және Қазақстанда жарияланатын IP-мекенжайларға сілтеме жасауға міндетті. Whois IP-мекен - жайы бойынша country-KZ мәнін көрсетуге міндетті.

DNS және поштаны кез келген елде орналастыруға болады.

NS (DNS сервері), MX (пошта серверлері), TXT, SPF жазбалары кез келген елдегі қызметтер мен IP мекенжайларына шектеусіз сілтеме жасай алады.

Шетелдік хостингтің IP мекенжайын проксирлеу арқылы жасырсаңыз - бұзушылық, домен тоқтатылады.

Қазақстаннан тыс жердегі Хостингті жасыру үшін трафикті шетелдік қызметтерге және IP-мекенжайларға проксирлеуді (трафикті қайта бағыттау, VPN, туннельдеу, URL Frame forwarding) пайдалануға тыйым салынады.

Шабуылдардан қорғануға тыйым салынбаған, бірақ хостингтің Қазақстанда орналасқаны туралы құжаттарды уәкілетті органның (ҚР ЦДИАӨМ АҚК) мекенжайына ұсыну қажет.

DDoS-шабуылдардан қорғану қызметтерін (Cloudflare, Stormwall, DDoS-GUARD, Qrator, Imperva Incapsula және т.б.) пайдалану салдарынан сайттың IP-мекен-жайын жасырған жағдайларда, Қазақстандағы хостинг қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжатты немесе қолданыстағы шартты (уәкілетті органға) ұсыну қажет.

Егер қайта бағыттау сервері Қазақстанда орналасқан болса, басқа аймақтардағы домендерге қайта бағыттауды жасауға болады.

URL Redirect (URL Forwarding) Қазақстандағы қайта бағыттау үшін серверді пайдалану кезінде кез келген аймақтардағы домендерге шектеусіз рұқсат етіледі.

SSL қауіпсіздік сертификатын (отандық немесе шетелдік) пайдалану

Барлық домендер мен қосалқы домендерде - отандық немесе шетелдік куәландырушы орталығымен берілген шифрлауды қолдайтын хаттамалары бар, сондай-ақ Sectigo, Digicert, Geotrust, Thawte, RapidSSL, GoGetSSL, GlobalSign, Let's Encrypt және т.б. өндірушілерден ақылы немесе ақысыз трафикті өткізіп жіберу арқылы қолданылатын SSL сертификаты орнатылуы керек.

Серверде http-ден https-ке тұрақты қайта бағыттау конфигурациялануы керек.

Орнатылған сертификат браузерде жарамды, тексерілген .KZ доменіне шығарылған, қолданылу мерзімі аяқталмаған, өзіне қол қойылмаған немесе қайтарып алынбаған, қауіпсіз ретінде көрсетілуі тиіс.

Тексеруді <https://www.ssllabs.com/ssltest/index.html> қызметі арқылы жасауға болады

Тексеру нәтижесінде Certificate тармағына назар аударыңыз.